

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1030 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 11 қараша N 1364

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясын экономикалық тұрақтандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 20 тамыздағы N 1030 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

5-тармақтағы "Павлодар" сөзі алынып тасталсын;

"Эйр Казахстан" жабық үлгідегі акционерлік қоғамының жарғылық қорына берілетін ұшақтар тізімі" деген 1-қосымшадағы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 26 қыркүйектегі N 1178 қаулысына арналған редакциясында):

"ТУ-154 85464 12.03.82 7547 Күнтізбелік мерзімі 28.04.96 бастап" деген жол алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті N 85464 ТУ-154 ұшағын Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің балансына берсін.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі